

Тәуелсіздік тарихымыздағы жаңа дәуірді бастап берді

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы – ең алдымен осы кезең ішінде жеткен жетістіктерімізді зерделеп, саралайтын басты меже. Еліміз егемендікке қолжеткізгеннен кейінгі жылдарда Қазақстанның талай «тар жол, тайғақ кешуден» қалай аман өткеніне баршамыз куәміз. Жүзден астам ұлттың барлығын бір ананың баласындай бауырға тарту нәтижесінде Қазақстан ішкі-сыртқы саясатта үлкен беделге ие болды. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, Қазақ елінің береке-бірлігі артты. Біз көзекті дөңгелек үстеліміздің тақырыбына Тәуелсіздік мерейтойын арқау етіп алып, бір топ сала мамандарын шақырған едік. Сол салмақты басқосуда айтылған ой-пікір, ұсыныс-тілектерді назарларыңызға ұсынамыз.

Барын бағаламаған жұрттың бағы жанбайды

«ДИДАР»: – Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Расында да, тәуелсіздік біздің халқымыздың, ұлтымыздың басты арманы болатын. 20 жыл бұрын сол арманымыз орындалды. Тәуелсіздігімізді алдық. Ал енді сол тәуелсіздіктің мәні мен маңызы неде? Қазақ халқына тәуелсіздік не берді? Сол тәуелсіздікті бағалап жүрміз бе?



Фрунзе ЖАҚСЫЛЫҚОВ, облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы:

– Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болатын. Бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елімізді жаудан қорғап келген-ді. Тәуелсіздік алудағы Елбасымыздың рөлі айырықша болды, тоқсаныншы жылдары еліміз қандай қиындықтарды бастап кешкенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Азық-түліктен де тапшылық көрдік. Тәуелсіздік бізге не берді? Ең алдымен елге білімді тірліп, өшкеніміз жанғандай болды. Тіліміз, дініміз жаңғырды. Өткенге де күйе жағуға болмайды, Кеңес үкіметі білім берді, жұмыспен қамтыды, сол жылдары ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізде талай жауһар дүниелер жасалды. Бірақ ол кезде ой, іс-қимыл бостандығы болмады бізде, жаназаға тұра алмадық, салт-дәстүр шараларын атқара алмадық. Қазір жалтақтамай, еркін өмір сүріп жатырмыз. Елімізді әлем қауымдастығы мойындайды, сыйлайды. Оған дәлел – кешегі ЕҚЫҰ төрағалығы, Азиаданы өткізугіміз, Биыл Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етіп отырмыз. Экономикамыз қарқынды дамып келеді. Жақсылықтармен қатар, атап өтер бір мәселе бар, айталық кешегі күні ауыр жұмыс істеген кейбір ақсақалдарымыз бүгін 24-30 мың теңге зейнетақы алады. Осы жайт мені алаңдатады. Мұндай ақшаға қалай күн көруге болады? Осы бір түйткілді мәселені шешпесе болмайды бүгінде.

Манарбек МҰХАМЕДЖАНОВ, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы:

– Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, ең басты ұлттық құндылығымыз. Өкінішке қарай, біздің кейбір отандастарымыз осы сөздің төркініне бойлай алмайды. Біздің қоғамда кейбіреулер «Тәуелсіздік жеңіл жолмен келді, ешқандай күрес, революция болған жоқ» деп ойлайды да, тәуелсіздік ұғымына үстірт қарайды. Олар қатты қателеседі. Сонау Жәнібек пен Керейдің кезінен бастап, біртіндеп 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне дейін Қазақстанда 350-ден астам ірі көтеріліс болыпты. Егер осындай көтеріліс, қиындықтар болмаса, бүгінде ғалымдардың есебінше, қазақ халқы 40 миллион болады екен. Міне, тәуелсіздікті біз осы тұрғыдан қарастырамыз. Тәуелсіздік жолында қаншама адам құрбан болды?! Сондықтан барлық азаматтар тәуелсіздік ұғымын қастерлеуге тиіс. Төле бидің үш арманы болған екен, олар – үш жүздің басын қосып, мемлекет құру және шекараны бекіту. Қазір осылардың бәрі орындалып отыр. Біздің ең басты жетістігіміз – осы.

Гүлжан АХМЕТОВА, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ тарих және халықаралық қатынастар факультетінің деканы:

– Жиырма жыл бұрын ешкім де Қазақстан осындай зор жетістіктерге жетеді деп ойлаған жоқ. Экономикалық коллапс болады, «бұрынғы одақтас елдер өздігінен, жеке өмір сүре алмайды», «кейбір көпұлтты елдерде бірден этносаралық қақтығыстар басталады» деген пікір айтты сол кездегі кеңестанушылар. Расында да 90-шы жылдардың басында елде экономикалық проблемалар болды. Бірақ Қазақстан олардың бәрін еңсеріп, жарқын жетістіктерге жете алды. Яғни, Елбасымыздың «Алдымен экономика, одан кейін саясат» деген ұстанымы осы тұста өзін-өзі толық ақтап шықты. 1997 жылы «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданып белгілі, менің ойымша еліміз содан бері нақты жоба-жоспар бойынша дамып келеді. Жақпай сайынғы Елбасы Жолдаулары осы бағыттағы атқарылған жұмыстарды түйіндеп, алдағы атқарылатын ауқымды істерді нысқалтап отыр. Қазақстан мемлекет ретінде толық қалыптасып, сыртқы саясатта да, экономикада да толайым табыстарды жеңерді.

Үш жыл бұрын мен Ресейге кезекті іссапармен барған болатынмын, сол кезде достастық елдерінен келген ғалымдар біздің Президентімізді «ТМД-дағы ең үздік Мемлекет басшысы» деп бағалағаны есімде. Бұл – мақтанарлық жайт! Менің ойымша, еліміздің жетістіктері де, жеңістері де әлі алда.

Жеткен жетістіктерімізді жыр ғып айтсақ...

«ДИДАР»: – Тәуелсіздіктің 20 жылдығы еліміз әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қарқынды дамып, біраз белесті бұғындырды. Осы кезеңде Сіз еңбек етіп



жүрген сала қаншалықты өркендеп, қай деңгейге көтерілді? Әлі де кемшін түсіп жатқан тустар көп сынайы. Осы жайында ой өрбітсек.



Манарбек МҰХАМЕДЖАНОВ:

– Тіл болмаса, мемлекет те болмайды, өйткені тіл – ұлтты ұйыстыратын негізгі фактор. Жиырма жылдың ішінде мемлекеттік тілді тұғырына қондыру жолында көп дүние істелді. Егер 2000 жылы облыста мемлекеттік тілдегіс қағаздарының үлесі 7 пайыз болса, бүгінгі күні 89 пайызға жетті. Бұл да үлкен жетістік, тәуелсіздіктің жемісі. Егер 2000 жылы облыстағы мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейі 15 пайыз болса, бүгін 48 пайыздан асты. 2000 жылы мемлекеттік тілді меңгерген ересектердің үлесі 38 пайыздың төңірегінде болатын, бүгінде – 68 пайыз. Яғни, облыстағы тұрғындардың 68 пайызы мемлекеттік тілді белгілі бір деңгейде меңгерген. Тәуелсіздік болмаса, біз бар дүниенің өзін жоғалтар едік, біз соған келе жатқанбыз. Академик Виноградов: «Кеңестер одағын біріктіріп отырған орыс тілі» деген-ді. Сондықтан біздің бүгінгі қоғам да мемлекеттік тілдің маңына топтасуы тиіс.

Дегенмен, жиырма жыл өтсе де, Шығыс Қазақстандағы қазақ тіліне деген қажеттілік елу-ақ пайыз болып тұр. Заң жүзінде мемлекеттік тіл қазақ тілі болғанымен, іс жүзінде, шындығын айту керек, мемлекеттік тілдің қызметін орыс тілі атқарып отыр. Бұл – ең алдымен қазақтың проблемасы. Себебі, бүгінде мемлекеттік қызметте істеп жүргендердің 80-85 пайызы – қазақтар. Егер өз тілімізді өзіміз құрметтемесек, оны өзгенде қалай талап етеміз?! Тәуелсіздікке дейін Өскеменде қазақ мектептері қанша еді, қазақ балабақшалары бар ма еді? Жоқ еді ғой. Қазір қанша? Осының бәрине біз тәуелсіздіктің арқасында жеттік.

Фрунзе ЖАҚСЫЛЫҚОВ:

– Кеңес үкіметі кезінде «орыс тілін білмесең, оқуға түсе алмайсың, жұмысқа алмайды» деген пікір болды. Менің балаларым орыс балабақшасына, мектебіне барды. Сол себепті қазір кейде дағды бойынша орысша алап кетеді. Оның дұрыс емес екенін айтсам, «Әке, кішкене кезімізде неге үйретпедің?» дейді, сонда не айтарынды білмейсің. Ол кезде орыс тіліне деген қажеттілік болды. Қазір қазақ тіліне деген дәл сондай қажеттілік жоқ. Елбасы айтты ғой: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін» деп. Мемлекеттік қызметтегілердің көбі орысша сөйлейді, бұл түрмізібен тіліміздің жағдайы жақын арада өзгере қоймас. Менің ойымша, азаматты мемлекеттік қызметке қабылдап алдында оның тілді меңгеру деңгейін тексеріп, талап еткен жөн. Одан соң тілдік рейдтер өткізу керек. Сонда оң өзгеріс болады.

Манарбек МҰХАМЕДЖАНОВ:

– Бұл сияқты батыл бастамалар жақын келешекте іске асатын шығар. Айталық, Францияда мемлекеттік қызметші сөйлеп тұрып өзге тілдің сөзін қосса, оған бірден 20 мың франк көлемінде айыппұл салынады. Бізге де осы тәрізді тәсілдерді қолдану керек. Жалпы, «Тіл үшін күрес, тіл үшін майдан – майдандардың майданы» деп Ахмет Байтұрсынұлы тектен тек айтпаған ғой. Сондықтан жұмыс жалғаса бермек.

Дәулет АЙТҚОЖИН, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы түсті металл және жер қойнауын пайдалану бөлімінің бастығы:

– Өндірістік өңір бөлініп саналатын Шығыс Қазақстанның ішкі өнім көлемі бүгінде 1 триллион теңгеге жетіп отыр. Бұл көрсеткіш бойынша облыс елімізде алтыншы орында. Өнеркәсіптің өнім көлемі 1991 жылғы 28 миллиард теңгеден 800 миллиард теңгеге жетіп отыр. Тағы бір айта кетерлік жайт, жұмысшылардың еңбек өнімділігі тәуелсіздік жылдары ішінде 18 мың теңгеден 10 мил-

лион теңгеге, орташа жалақы мөлшері 160 теңгеден 80 мың теңгеге дейін жетті. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында кәсіпкерлер саны 14 есеге ұлғайды. Шағын және орта бизнесіте жұмыс істейтіндердің саны екі есеге көбейген. Өндіріс саласындағы жетістіктер көп.

Сауле ҚАМАТАЕВА, Біліктілікті арттыру институтының кабинет меңгерушісі:



– Тәуелсіздік жылдары ішінде мұғалімдеріміз білім сапасын арттыру жолында бірқатар жаңа, заман ағымына сай технологияларды тәжірибеге енгізді. Соңғы 20 жылда біз моральдық тұрғыда ескірген кеңестік оқулықтардан толық арылып, отандық бағдарламаларға көштік. «Көш жүре түзеледі» дейді, бас кезінде оқулықтардың сапасында мін болғаны анық, бірақ қазір олардың мәні де, мазмұны да жақсарып келеді. Бұрынғы білім беру мекемелері оқуға ғана бет бұрса, бүгінгі таңда тәрбие саласына да көп көңіл бөлініп жатыр. Әсіресе, отансүйгіштікке баулу мәселесіне ден қойылауда.

Кұралай ЖИРЕНДИНОВА, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ оқытушысы:

– Азаттықтың арқасында біз тарихымыздың көлеңкелі болған жақтарын ашуға мүмкіндік алдық. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ашаршылық нәубеті, сол кез-

дегі қазақ зиялыларының тыйым салынған еңбектері ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделену үстінде. Айталық, таяуда тарихшы Ермахан Бекмахановтың XX ғасырдың басында жазылған Кеңесары көтерілісі туралы кітабы қайта шығарылды. Жалпы, соңғы жылдары көптеген тарихи оқиғаларға шынайы саяси баға берілуде. 1991 жылғы 16-желтоқсанның ұлттық тарихымыздың жаңа кезеңі бастау алған күн екені анық. Елбасы айтқандай тәуелсіздігіміздің алғашқы он жылдығы «сындарлы он жыл» болды. Шындығында да егемендік алған жылдарда саяси-экономикалық проблемалар көп болды. Ал 2001-2011 жылдарды «даму кезеңі» деп айтуға болады. Экономикалық жетістіктерді біз халықтың әл-ауқатынан көріп отырмыз. Осы қарқыннан таймау керек. Өйткені, менің ойымша, егер елімізде орта тап өкілдері тұрғындардың 70 пайызын құрайтын болса, демократиялық дамуды толық қамтамасыз етуге болады.

Гүлжан АХМЕТОВА:

– Жиырма жылдың ішінде еліміздегі көптеген жоғары оқу орындары аккредитациядан өтті. Біздің дипломдарымыз қазір шет елдерде де танылуда. Бірақ осы тұста атап өтетін бір мәселе бар. Қазір кей жастар неге екені белгісіз көршілес Ресейдің университеттерін жиі тандайды, «жақсы олар, сол жақта қалып қоюға да әзірміз» дейді. Біздегі жоғары білімнің сапасы Ресейдікінен артық болмаса, кем емес. Оны біз жақсы білеміз. Бұл жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде кемшін тұстар бар деген сөз. Осыны бәрімізге бірігіп шешкен жөн.

Фрунзе ЖАҚСЫЛЫҚОВ:

– Осы тұста айтармын, біз мектепте оқыған кезде 10-12 сабақтан емтихан тапсыратынбыз. Ол кезде білімнің сапасына жіті назар аударылатын. Қазіргі кезде жастардың, әсіресе, ақылы оқитын студенттердің білімі таяз. Оның үстіне, кітап оқымайды, яғни, миімен ойламайды, әбден интернетке арқа сүйеп алған. Сонымен қатар «Оқуыма ақы төлеп отырмын» дегенді сылтау етіп, мұғалімдерден жақсы баға қоюды талап ететін көрінеді. Осындай фактілер бар деп естиміз.

Кұралай ЖИРЕНДИНОВА:

– Ақылы оқитын балалардың бәрі нашар оқиды деуге болмайды, ақсақал. Айталық, «Мен ақша төлеп отырмын, маған сапалы білім беріңдер» дейтін де балалар бар. Әке-шешесі ақша төлеп отырғандықтан сол қаржыны ақтағысы келеді олардың көбі.

Манарбек МҰХАМЕДЖАНОВ:

– Елбасымыздың «XXI ғасырда білімге көңіл бөлмеген халықтың тығырыққа тірелері анық» деп айтқан сөзі бар. Қазір ғылымның, ақпараттың заманы. Айналадағы ақпаратты қорыту үшін, оның ішінен керектісін алу үшін білім керек. Білімді ұрпақ тәрбиелей алсақ ғана, біздің тәуелсіздігіміз баянды болады. Мемлекеттік тіл толыққанды тіл болу үшін ол ғылымның тіліне, нормативтік-құқықтық актілердің тіліне айналуы керек. Бұрын «кәсіби бағдарлау жұмысы» деген болатын, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сол жұмысты әлсіретіп алғандаймыз. Нәтижесінде, қазір заңгерлер мен қаржыгерлер қаптап

кетті, есесіне математика, физика, информатика мұғалімдері жоқ. Сондықтан осы бағытта жұмыс жүргізіліп, білімді алдыңғы қатарға шығару керек. Биыл Елбасының бастамасымен білім, денсаулық, мемлекеттік тіл жөнінде бағдарламалар қабылданды, олардың өзегінде білімді, дені сау, қазақ тілін меңгерген адам тұр.

Серік МАЛАЕВ:

облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының жетекші маманы:
– 1991 жылдан бері төрт олимпиада өтті, олардан жүлде алған саңлақтарымызды барлықтарыңыз білесіздер. Жалпы, спорт саласы елімізде кеңес заманы кезінде де жақсы дамыған болатын. Бір қызығаттыны, әзірше, облыстан шыққан спортшылар әлі олимпиада медалін алған емес. Облыс Әкімі алдымызға мақсат қойып отыр, алдағы Лондон олимпиадасында спортшыларымыз жүлде алулары тиіс деп. Осы орайда біз қазір жұмыс істеп жатырмыз, ең бастысы – спортқа көңіл бөліп, сонда жүрген азаматтарға толық жағдай жасау.

Фрунзе ЖАҚСЫЛЫҚОВ:

– Тәуелсіздік жылдары талай жетістіктерге жеттік, соны көре алмай жүргендер де бар ғой. Ірікті салушылар бар. Жастарымыз дінге бет қоя бастады, ол – жағымды үрдіс, бірақ ақ пен қараны айыра алмай, түрлі жат пифылдарға ағымдардың жетегінде кетіп жатқандары да бар. Сондықтан, студенттермен, жастармен бұл бағытта жан-жақты жұмыс жүргізілген жөн.

Қазақты әлемге танытатын батыл қадамдар жасалды

«ДИДАР»: – 20 жылдың ішінде Қазақстан егемен ел ретінде өзін әлемге танытатындай қандай дүниелер жасай алды? Яғни, біз Қазақ елін, қазақ атауын танытатын қандай дүние шығардық? Сіз үшін егемен ел тарихында атап өтер ең маңызды оқиғалар қайсы?

Манарбек МҰХАМЕДЖАНОВ:

– Қазақстанның БҰҰ-ға мүше болуы, кешегі өткен ЕҚЫҰ Саммиті, сонымен қатар 1995 жылғы ұлы Абайдың ЮНЕСКО көлемінде тойланған 150 жылдығы. Міне, осы үш оқиғаны ел тарихындағы ең елеулі, шоктығы биік оқиғалар деп айтар едім. Абайдың мерейтойын тойлаған 1995 жылы Қазақстанды әлемде көп біле бермейтін. Біз Абай арқылы қазақ деген халық барын, Қазақстан деген ел бар екенін көрсеттік.

Гүлжан АХМЕТОВА:

– Еуразиялық идея – Елбасымыз ұсынған басты идея. Біздің басты брендтіміздің бірі де – осы. Ал енді өз саламызға келер болсақ, тәуелсіздік жылдары қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасын ерекше атап өткім келеді, аталмыш құжаттың арқасында ауқымды археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оның нәтижесі қалың тарихымызды тереңдету тусты.

Дәулет АЙТҚОЖИН:

– Өз саламыз бойынша ең айтулы оқиға ретінде Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының іске аса бастауын айтуға болады, ол жоба ел экономикасына өзінің өлшеусіз үлесін қоса бастады. Былтыр облыста 130 миллиард теңгенің 12 жобасы жүзеге асырылды. Ең үлкен жобалар – «Қазцинктегі» мырыш зауыты, ТМК-дағы титан құймаларын шығаратын өндіріс орны, «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасы қабылданды. Мемлекет қолдауымен өзге де шаралар жасалуда. Айта берсе, атқарылған іс көп.

Кұралай ЖИРЕНДИНОВА:

– Менің ойымша, тағдырдың тәлкегімен атажұртынан алыстап кеткен ағайындарымыздың өз Отандарына қоныс аударуы – үлкен тарихи оқиға. Бұл қадамды мен Елбасының қазақтың үлесін көбейту жолында ұстанған дұрыс демографиялық саясаты деп бағалаймын. Біздің оқу орнымыздың студенттері этнографиялық іс-тәжірибе аясында Өскеменнің іргесінде Шығыс ауылында тұрып жатқан оралмандардың салт-дәстүрін зерттеумен айналысуда.

Сауле ҚАМАТАЕВА:

– Егер тек осы 2011 жылды ғана алып қарасақ, тамыз айында тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру мақсатында Елордамызда өткен отбасының мектептің және қоғамның өзара іс-әрекеті бойынша форум білім саласындағы жылдың басты оқиғаларының бірі болады.

Серік МАЛАЕВ:

– Кешегі өткен Азиадада біздің облыстық спортшылары 15 алтын, 8 күміс медаль алып, ресми емес командалық есепте еліміз алғашқы орыннан көрінді. Енді Қазақстан әлемдік бірінші олимпиада өткізуге ұсыныс жасамақ. Біздің басты брендтіміздің бірі тамылжыған табиғатымыз дер едім. Шетелдіктер біздің өңірдің әсемдігіне таңғалады. Туризм саласының әлеуеті өте зор, осы бағытта бізді талай шаруалар күтіп тұр. Оның бәрі іске асады деп санаймын, өйткені саяхат саласын өсіп-өркендету үшін бізде барлық негіз бар.

«Дидардың» дөңгелек үстелін жүргізген – Ержан Әбіш

Суреттерді түсірген Ғылымбек Сәбитов